

Жеке тұлғалардың Кеден одағына қатысушы мемлекеттер шекараларынан еркін және тең құқылы өтуін және олардың тауарлар мен валютаны кедергісіз тасымалдауын қамтамасыз ету туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1999 жылғы 30 желтоқсан N 9-II.

Мәскеуде 1998 жылғы 24 қарашада жасалған Жеке тұлғалардың Кеден одағына қатысушы мемлекеттер шекараларынан еркін және тең құқылы өтуін және олардың тауарлар мен валютаны кедергісіз тасымалдауын қамтамасыз ету туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

**Жеке тұлғалардың Кеден одағына қатысушы-мемлекеттер шекараларын еркін және тең құқылы өтуін және олардың тауарлар мен валютаны кедергісіз тасымалдауын қамтамасыз ету туралы
Келісім**

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Беларусь Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банкі, Қырғыз Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банкі және Ресей Федерациясының Үкіметі мен Орталық Банкі,

Кеден одағына қатысушы-мемлекеттер басшыларының "Қарапайым адамдарға қарсы қарапайым он қадам туралы" өтінішін басшылыққа ала отырып,

Кеден одағының ортақ кеден шекарасы шегіндегі азаматтардың қозғалысының еркін және тең құқылы принциптеріне адалдығын растай отырып,

Кеден одағы туралы келісімге қатысушы мемлекеттер аумағында тұрақты тұратын жеке тұлғалардың тауарлар мен валютаны тасымалдау жағдайларындағы айырмашылықтарды алудың басымдық міндетін қарастыра отырып,

төмендегілер жөнінде келісті:

1-бап

Аталған Келісім:

- кеден одағына қатысушы-мемлекеттер арасындағы мемлекеттік шекараларды Кеден одағына қатысушы-мемлекеттерде тұрақты тұратын жеке тұлғалардың /бұдан әрі - жеке тұлғалар/ еркін өтуінің;

- жеке тұлғалардың кеден одағына қатысушы-мемлекеттер арасындағы кеден шекаралары арқылы өндірістік немесе басқа коммерциялық қызметтерге арналмаған тауарларды тасымалдауының;

- жеке тұлғалардың валюта тасымалдауының тәртібі мен шарттарын белгілейді.

2-бап

Тараптар аталған Келісімнің күшіне енгенінен бастап екі ай мерзімде мемлекеттік шекаралардағы өткізу пункттерінде, сондай-ақ Кеден одағына қатысушы-мемлекеттер арасындағы әуе қатынасы жүзеге асырылатын халықаралық әуе порттарында жеке тұлғаларды және олардың тауарларын басымдық, оңайлатылған тәртіпте тасымалдау қажет болған жағдайда, арнаулы "коридорлар" жасауды ұйымдастыруда шаралар қабылдайды.

3-бап

Тараптардың келіскеніндей, Кеден одағы Келісімдеріне қатысушы-мемлекеттердің бірінің аумағында тұрақты тұратындығын дәлелдейтін істегі құжаттардың болуы жеке тұлғаларды басымдық, оңайлатылған тәртіпте өткізудің негізі болып табылады.

Жеке тұлғаларды оңайлатылған, басымдық тәртіпте өткізу қатысушы-мемлекеттердің ұлттық заңдарына сәйкес жүргізілетін шекаралық / төлқұжаттық/ бақылауды /құжаттарды тексеру/ іске асыруды қамтиды.

4-бап

Жеке тұлғалардың басымдық, оңайлатылған тәртіпте тасымалдайтын тауарлары, аталған Келісімнің 6-бабындағы ережелеріне сәйкес, тұлға қатысушы-мемлекеттердің ұлттық заңдарымен әкелуге және әкетуге тыйым салынған немесе шектелген тауарларды тасымалдауда деуге негіз болған жағдайлардан басқа, жазбаша түрде мағлұмдаудан босатылады.

5-бап

Кеден одағына қатысушы-мемлекеттерде шығарылатын тауарлар, олардың ішкі кеден шекаралары арқылы аумақтық, сандық, құндық шектеулерсіз және жазбаша түрдегі мағлұмдаусыз, кедендік тәлемдерсіз, салықтарсыз және алымдарсыз өткізіледі, сақтауға теленетін кедендік алымдардан басқа.

6-бап

Үшінші елдерде шығарылатын тауарлар, олардың жалпы құны 1000 АҚШ доллары баламасындағы сомадан аспаған, жолжүгінің жалпы салмағы бір адам басына 50 кг-ға дейінгі шекте болған жағдайда Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің кеден шекаралары арқылы жазбаша түрдегі мағлұмдаусыз, кедендік ресімдеуге кедендік төлемдер мен алымдарсыз өткізіледі.

7-бап

8-бап ережелерін есепке ала отырып, Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің ұлттық және шетел валютасын олардың ішкі кеден шекаралары арқылы тасымалдаулары шектеулерсіз іске асырылады.

Жеке тұлғаның өз еркімен мағлұмдауынан басқа жағдайларда, аталған валюталар Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің ішкі кеден шекаралары арқылы жазбаша түрдегі мағлұмдаусыз тасымалданады.

Кеден одағы туралы келісімдерге қатысушы-мемлекеттердің ұлттық валюталары олардың сыртқы кеден шекаралары арқылы шығарылатын валюта ұлттық болып табылатын мемлекеттік ұлттық заңымен бекітілген тәртіпте тасымалданады.

Аталған Келісімнің 8-бабына сәйкес келісілген, жоғары мөлшерде үшінші елдерге әкелілуші шетел валютасы жолаушылардың кедендік мағлұмдамасының бірыңғай нысаны бойынша жазбаша мағлұмдауға жатады және төмендегі құжаттардың бірін көрсеткен жағдайда оларды әкетуге рұқсат беріледі:

- мемлекет аумағына валютаның әкелінгенін растайтын жолаушылардың бірыңғай кедендік мағлұмдамасы;

валюта-айырбастау операцияларын жасау кезінде қолданылуы міндетті және сәйкестендірілген қорғау деңгейлері бар анықтама-сертификаттардың бірыңғай нысаны

8-бап

Аталған Келісімнің күшіне енгенінен кейін екі ай мерзімде Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің ұлттық банктері жеке тұлғалардың валютаны үшінші елдерге кедергісіз /жазбаша түрде мағлұмдаусыз және анықтама-сертификаттар тапсырусыз/ әкетудің келісілген мөлшерін белгілейді.

Алдағы уақытта, Кеден одағы туралы келісімдерге қатысушы-мемлекеттердің ұлттық /орталық/ банктері жеке тұлғалардың үшінші елдерге шетел валютасын әкетуінің келісілген басқа да мөлшерлерін белгілеуге құқылы.

Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің әрқайсысында, төлемдік теңгерімнің сыни жағдайында, жеке тұлғаның үшінші мемлекеттер валютасын және мөлшерді белгілеуші мемлекет үшін ұлттық болып табылатын валютаны мемлекеттің кеден аумағынан ең жоғары әкетуінің басқа мөлшерін бекіту құқы сақталады.

9-бап

Аталған Келісімге қол қойылған күннен бастап екі ай барысында, Тараптар Кеден одағына барлық қатысушы-мемлекеттердің аумағында күші болатын банк операцияларының жекелеген түрлерін іске асырушы уәкілетті ұйымдар мен уәкілетті банкілері беретін, Тараптардың әрқайсысының мемлекеттік және орыс тілдеріндегі жолаушылар мағлұмдамасының және анықтама-сертификаттардың бірыңғай / сәйкестендірілген/ нысандарын қабылдауды қамтамасыз етеді.

10-бап

Тараптар, тұрғын халық арасында Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің кеден шекаралары арқылы тауарлар мен валютаның тасымалдану тәртібі, тауарларды бажсыз

тасымалдау мөлшерлері, валютаны кедергісіз тасымалдау мөлшерлерінің тәртібі туралы ақпараттарды қоса, ақпараттық-түсіндірме шараларын іске асыруды қамтамасыз етеді.

11-бап

Аталған Келісімді талқылау кезінде туындайтын даулар және қайшы пікірлер кеңестер мен келіссөздер өткізу жолымен шешіледі, келісілген шешім болмаған жағдайда, Интергациялық Комитет қарауына ұсынылады.

Тараптар осы Келісімге өзара келісумен, аталған Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын, хаттамалар түрінде ресімделетін толықтырулар мен өзгерістер енгізе алады.

12-бап

Валюталық реттеу мен бақылауға жауапты органдар арасында мейлінше тығыз қарым-қатынасты іске асыру үшін, Тараптар қажет болған жағдайларда, бірақ жарты жылда бір реттен сирек емес, ағымдағы мәселелер бойынша бірлескен кеңестер өткізеді.

Аталған келісім 1995 жылдың 6 және 20 қаңтарындағы Кеден одағы туралы Келісімдерден және Кеден одағы туралы Келісімдерге Қырғыз Республикасының қосылуы туралы Шарттан тарайтын Тараптардың өзара міндеттерін қамтымайды.

13-бап

Аталған Келісімнің күшіне енуіне қажетті Тараптардың мемлекетшілік процедураларды орындағандары туралы депозитарийдің соңғы хабарлама алған мезетінен бастап Аталған Келісім күшіне енеді.

Тараптардың әрқайсысы шығудан алты ай бұрын депозитарийге өзінің пиғылдары туралы жазбаша хабарлама жіберіп, аталған Келісімге сәйкес қабылдаған өзінің міндеттерін алдын-ала реттеп, аталған Келісімнен шығу құқы бар.

1998 жылдың 24 қарашасында Мәскеу қаласында орыс тілінде бір данада жасалынды.

Келісімнің түпнұсқалық данасы әрбір Тарапқа оның расталған көшірмесін жолдайтын Интеграциялық Комитетте сақталады.

Беларусь Қазақстан Республикасының
Республикасының атынан
атынан

Қырғыз Республикасының Ресей Федерациясының
атынан атынан

Беларусь Республикасының Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкінің Ұлттық Банкінің
атынан атынан

Қырғыз Республикасының Ресей Федерациясы
Ұлттық Банкінің Орталық Банкінің
атынан атынан

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК